САБАҚ ЖОСПАРЫ

| | |
|---|---|
| **Пән** | Дүниетану |
| **Мұғалім** | Берженбаева Әсемгүл Райқызы |
| **Мектеп, сынып** | Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, №110 мектеп-лицей, 4-сынып |
| **Сабақ тақырыбы** | Ғарыш туралы алғашқы түсінік |

www.bilimland.kz

| | |
|---|---|
| **Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары:** | Т3. Мәтіндегі мәліметтерді түсіну және болжау<br>Мұғалімнің сырттай бақылауымен мәтін, диалог, өлең, әндердегі нақты мәліметтерді (негізгі фактілерді) түсінеді.<br>А5. Медиақұралдар арқылы тілді дамыту.<br>Медиақұралдарды пайдаланып, сөйлеушінің сөйлеу мәнері мен көңіл-күйін түсінеді, сипаттайды және қысқаша мазмұндайды.<br>А4. Сенімді және еркін жауап беру, сөйлеу.<br>Өзіне таныс тақырыптар бойынша дайындықсыз қарым- қатынасқа түседі. |
| **Сабақтың мақсаты:** | **Оқушылардың барлығы:** Таныс тақырып бойынша дайындықсыз қарым-қатынасқа түседі.<br>**Оқушылардың көпшілігі:** Сөйлеушінің көңіл-күйін түсінеді, сипаттайды, қысқаша мазмұндайды.<br>**Оқушылардың кейбірі:** Нақты мәліметтерді түсінеді, өз пікірін білдіре алады. |
| **Тілдік міндеттер:** | Әлем, жер шары, күн жүйесі, галактика, ғаламшар. |

## САБАҚ БАРЫСЫ

| Сабақ кезеңдері | Сабақта жоспарланған оқыту іс-әрекеттері | Оқыту ресурстары |
|---|---|---|
| **Басы Сабаққа қызығушылығын ояту 7минут** | Бөлім тақырыбына байланысты бірнеше сурет сынып ішінде жасырылады. Суретті тапқан оқушылар «Ғарыш әлемі» және «Ғарышкерлер» деп екі топқа бөлінеді. Сурет бойынша әр оқушының пікірі тыңдалады. | МАН = Мұғалімге арналған нұсқаулық |














**Ортасы**

**Мағынаны тану**
**5мин**

**Тыңдалым алды тапсырма. Сөздікпен жұмыс. Берілген сөздерді анықтамалармен сәйкестендіру.**

| | |
|---|---|
| Телескоп | ай, күн, жұлдыз |
| Аспан денелері | жер бетін бағдарлауға арналған аспап |
| Жетіқарақшы | грек тілінен аударғанда алысқа қараймын |
| Тұсбағдар | шалқасынан жатқан ожау тәрізді шоқжұлдыз |

**Интербелсенді тақтада дұрыс жауап шығады.** Топ оқушылары сағаттың тілімен өз жұмысын көршісіне береді. Тапсырманы алған оқушы дұрыс жауабымен салыстыра отырып бағалайды.

| | **Жетістік критерийі:** | **Жетті** |
|---|---|---|
| | Егер оқушы кем дегенде үш сөздің анықтамасымен дұрыс сәйкестендірсе... | |

Таратпа қағаздар

Таныстырылым

**10мин**

**Тыңдалым.** Мына бейнефильмге назар аударайық. Назар салып, мұқият тыңдаңыздар. «Ғарыш туралы түсінік»

http://imektep.kz/garysh-video

http://imektep.kz/garysh-video

**2мин**

**Айтылым. Тапсырмаларды орындау.**
Бейнефильм көрсетілгеннен кейін фильм мазмұны бойынша қысқа шолу сұрақтары қойылады:

- Ғарыш деп нені айтады?
- Ғарышты алғаш зерттеуші ғалым кім?
- Күнді қанша планета айналып жүреді?

- Ғарыштың көлемі қандай?
- Неге ішкі және сыртқы планеталар деп аталады?
- Бейнефильм түсінікті болды ма?

**6 мин**

«Ғарыш» бейнефильмі бойынша дифференциациялық тапсырмалар **«Ғарышқа сапар»** ойыны арқылы орындалады. Екі топтың зымыраны сайысқа түседі. Дұрыс жауап берген топ өз зымыранын жылжытып отырады. Жеңімпаз топ мүшелері мақсатқа жетеді.

1. Ойын «Бос орынды толықтыр»
2. «Артығын алып таста»
3. «Дұрыс немесе бұрыс»

| Оқу бағдарла-масына сілтеме | Оқу мақсаты | Бағалау нұсқаулығы |
|---|---|---|
| А5 Медиақұралдар арқылы тілді дамыту. | Медиақұралдарды пайдаланып, сөйлеушінің сөйлеу мәнері мен көңіл-күйін түсінеді, сипаттайды және қысқаша мазмұндайды. | «Ғарыш» бейнефильмі бойынша дифференциациялық тапсырмалар «Ғарышқа сапар» ойыны арқылы орындалады. Екі топтың зымыраны сайысқа түседі. Дұрыс жауап берген топ өз зымыранын жылжытып отырады. |

| Дағды | **Жетістік критерийлері** |
|---|---|
| | Оқушылар оқыту мақсатына жетті, себебі |
| Айтылым | Егер ... тыңдалынған мәтін бойынша жауабы нақты әрі дұрыс болса...<br>Егер... топ мүшелері белсенді қатысса... |

**8мин**

**«ПОПС» формуласы.** Әр жұпқа ғарышқа байланысты түрлі тұжырымдар беріледі. Тұжырымдарды «Попс формуласына» салып, өз ойларын фактілермен, мысалдармен білдіреді.
Бірінші сөйлем «Менің ойымша,... »
Екінші сөйлем «Себебі, мен оны былай түсіндіремін … »
Үшінші сөйлем «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын … »
Соңғы сөйлем «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім ... ».
**Тапсырма:**
1-жұп: «Ғарышты зерттеу- маңызды іс»
2-жұп: «Ғарышқа ұшу - зиянды»
3-жұп: «Ғарыш - пайда көзі»
4-жұп: «Ғарышты зерттеу - ғылымды дамыту»

<table>
<tr>
<td></td>
<td>5-жұп: «Байқоңыр - әлемдегі негізгі ғарыш айлағы»<br><br>Қалыптастырушы бағалау жұмысы (Қарама-қарсы отырған жұптар бірін-бірі бағалайды)
<table>
<tr><td>Оқу бағдарламасына сілтеме</td><td>Оқу мақсаты</td><td>Бағалау нұсқаулығы</td></tr>
<tr><td>А4. Сенімді және еркін жауап беру, сөйлеу.</td><td>Өзіне таныс тақырыптар бойынша дайындықсыз қарым-қатынасқа түседі.</td><td>Әр жұпқа ғарышқа байланысты түрлі тұжырымдармен қоса суреттер беріледі. Тұжырымдарды «Попс формуласына» салып, өз ойларын фактілермен, мысалдармен білдіреді.</td></tr>
</table>
<table>
<tr><td rowspan="2">Дағды</td><td>Жетістік критерийлері</td></tr>
<tr><td>Оқушылар оқыту мақсатына жетті, себебі</td></tr>
<tr><td>Айтылым</td><td>Егер... тұжырымдарды тиісті дәлелдер мен мысалдар арқылы сенімді жеткізе алса...<br>Егер... тұжырымдарды келтіруде мақал-мәтелдерді пайдаланып, өз ойын сенімді жеткізсе...</td></tr>
</table>
</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Соңы Күтілетін нәтиже:<br><br>6 мин<br><br><br><br>1 мин</td>
<td>Рефлексия. «Ғажайып галлактика» ойыны арқылы сұрақтарға жауап береді:<br>1. Сізге қай тапсырманы орындаған ұнады, неліктен?<br>2. Бүгінгі сабақтан өзіңізге қандай ақпарат алдыңыз?<br>3. Алған ақпаратыңыз болашақта қажет болады деп ойлайсыз ба?<br>4. Сіз өз біліміңізді көрсете алдыңыз ба?<br>5. Болашақта ғарыш саласын дамытуға сіз қандай үлес қосар едіңіз?<br>6. Сіз бүгінгі нәтижеңізге қаншалықты ризасыз?<br><br>Үйге тапсырма: Мәтінді түсініп оқу. Кестедегі әріптерден ғаламшар аттарын тауып, дәптерге жазу. «Күн жүйесі» жайлы деректер іздеп, жаңа деректерді сыныптастарыңмен бөліс.</td>
<td>Рефлексиялық сұрақтарға жауап жазады.</td>
</tr>
</table>